

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01 - 26.01.2024ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалар жеке сөрелеріне көңіл бөледі; сүлгімен шаң сүрту, заттарды ұқыпты орналастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Қылқаламдарды, су құятын ыдыстарды жуу; үстелдің үстін сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға үйрету, шкафтарда	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғату, лас болған

			ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге әдеттендіру.	кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	<p>"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларға әртүрлі құбылыстарды себеп-салдарына байланысты түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды, мысалы, "Мен жылы тонды кигенімнің себебі ..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады.</p>	<p>"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Түстер бойынша карточкаларды таңдау. (танымдық дағды)</p>	<p>"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.</p>	<p>"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын</p>

	<p>Балалар: "... жылы болу үшін, ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебіміз ...", "Қолшатыр алған себебіміз ..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>			<p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, ""тауып ал"" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 				

	<p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап ""жуамыз"" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамал тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалмен беттерін жауып ""ұйықтайық"" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және</p>	<p>"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па?</p>	<p>"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан</p>	<p>"Жұбын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне</p>

	ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Қажет сөздерді қолдана білу. (математика негіздері)	және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. (математика негіздері)	мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа Дөңгеленген шеңберді. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	Дене шынықтыру "Суықторғай". Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Біз құстарды аялаймыз!"	Музыка "Қысқы әнші құстар". Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Құстарға жем шашайық".	Қазақ тілі «Құстар біздің досымыз». Қыстап

<p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету.</p>	<p>Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтарын арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.</p>	<p>қалатын құстар. Мақсат-міндеттер. Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажыратуды, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыруды, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгертуді үйрету. Дыбыстарға еліктеу кезінде артикуляциялық аппаратын, көру арқылы қабыл кезінді көлемдерді сәйкестендіре білу қабілетін, есту, еске</p>
---	--	---	--	---	---

					сақтау, көру зейінін, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға қамқорлық сезіміне, табиғаттағы дыбыстар әлеміне қызығушылыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын	Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға	Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.

	<p>қимылдарын анықтауға үйрету. <i>"Құстар, құстар, келіңдер"</i>. Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріндер. Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды</p>	<p>тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек</p>	<p>болуын байқату; зейінді дамыту. <i>"Сары шымшық."</i> Сары шымшық шиқылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды</p>	<p>ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ қарды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер:</p>	<p>- Балалар, қараңдаршы, бұл жемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шоқиды. Педагог көркем сөзді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық, Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын</p>	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты көрсетемін?</p>	<p>дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға</p>	<p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды</p>	<p>жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттап білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталаңады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалуға аулақ болуларын</p>	<p>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p>	<p>шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.</p>	<p>эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова</p>	<p>Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>қадағалау керек. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>		<p>"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Торғайлар жемшашарға қонды" суретімен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру. "Құстарды сұлбасы	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Сауысқан мен көкек". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісі мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Үй құрастырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үкі". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету. "Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Шұбар тауықты безендірейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сауысқанның сыйлықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша тұстастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; тұстастыру және беттестіру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді,

	<p>бойынша таны" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қыстайтын және жыл құстары туралы балалардың білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге машықтандыру.</p> <p>Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, құрылысшылардың ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>жөнінде ұғымдарды толықтыру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p> <p>"Қыстайтын құстарға қамқорлық".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы</p>	<p>қолдың ұсақ моторикасын, таным қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын.</p> <p>Мақсат-міндеттер: зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту.</p> <p>Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ - "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... -</p>
--	--	--	---	--	---

				<p>тіршілігі туралы ұғым беру.</p> <p>"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>ға... - лар..». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады.</p> <p>Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ алақандарымен шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Драматизация.</p> <p>"Шұбар тауық" ертегі желісін саусақ театрын пайдалана отырып сахналау.</p> <p>(көркем әдебиет)</p>	<p>"Қыста қандай құстар қыстайды?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: құстар арасынан қыстайтын құстарды табу; ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту,</p>	<p>"Торғай" тақпағын айтқызу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.</p> <p>"Торғай" (ел аузынан)</p> <p>Торғай-торғай тоқылдақ,</p> <p>Жерден тары шоқып ап,</p>	<p>"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол</p>	<p>"Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем</p>

		<p>қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан- жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан- жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді</p>	<p>сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. Халық ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	--	---	--

				қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p>				

<p>ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балалармен бірге ойнаңыз".</p>	<p>"Жеке әңгімелер" (ата-аналардың қалауы бойынша).</p>	<p>"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Баланы жаңғалақтықтан (ұшқалақтық, ұмытшақтық) қалай арылтуға болады?"</p>	<p>Балалар туындыларының көрмесі (үйірме жұмысы шеңберінде).</p>